



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 11 мамырдағы № ДС-155

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Powered by NIS ауылдық мектебі» жобасын қаржыландыруға, ауыл тұрғындарына мобильді медициналық қызмет көрсетуді қаржыландыру бағдарламасын әзірлеуге, ауылдық жерлерде үйлер салуға агробизнесті кредиттеу бағдарламасын іске қосуға қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

«Powered by NIS ауылдық мектебі» жобасын жүйелі негізде қаржыландыруға қатысты;

Оқу-ағарту министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тұрғылықты жеріне қарамастан орта білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар кешенді шараларды іске асыруда.

Білім беру ұйымдарын жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін ауыл мектептерін жан басына шаққандағы қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшіру 2025 жылы толық жүзеге асырылады.

Ауылдық жерлерге жоғары білікті педагогтерді тарту мақсатында мұғалімдер тапшы өңірлер үшін тиісті қолдау шаралары топтамасымен Үздік педагогтерді тарту жөніндегі арнайы бағдарлама¹ іске асырылуда. Бұл бағдарлама білікті және ынталы педагогтерді тарту және қалдыру арқылы білім беру сапасын жақсартуға бағытталған.

Сондай-ақ 2025 жылға дейін шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда 2021-2025 жылдарға арналған 5 000 мектеп жаңғыртылады (*жыл сайын 1000 мектеп бойынша күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу, пәндік кабинеттер сатып алу, мектеп жиһаздарын жаңарту, материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсарту және мектеп кітапханаларының қорын толықтыру және т.б.*).

¹ «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 қаулысы.

Бұдан басқа, «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде 2026 жылға дейін ауылдық жерлерде заманауи талаптар мен бірыңғай стандарттар бойынша 183 мектеп салынады.

2022 жылғы шілде айынан бастап «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Білім беруді тұрақты дамыту қоры» қоғамдық қоры бірлесіп «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыруда.

Бұл жобаның басты мақсаты – ауыл балаларына сапалы білім алуға, ал мұғалімдер үшін кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға тең мүмкіндіктер беру.

Ауыл тұрғындарына мобильді медициналық қызмет көрсетуді қаржыландыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеуге қатысты

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте ауылдық денсаулық сақтау деңгейінде алғашқы медициналық-санитарлық және мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін көшпелі медициналық кешендер, медициналық пойыздар және қашықтан медициналық қызмет көрсету құралдары пайдаланылатыны айқындалған.

Ел тұрғындарының 40%-ы ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, Үкімет ауыл тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасын қабылдады.

Осы жоба шеңберінде 2023-2025 жылдары 655 медициналық–санитариялық алғашқы көмек нысаны салынады, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін көпбейінді 32 аудандық аурухана жаңғыртылады (*инфаркт, инсульт, жарақат және басқа да жағдайлар кезінде «алтын сағат» қағидатын сақтай отырып, ірі қалаларға барудың қажеттілігінсіз мамандандырылған шұғыл медициналық көмек көрсету*).

Халықтың жоғары білікті медициналық көмекке қолжетімділігін кеңейту үшін денсаулық сақтау министрлігі телемедицинаны дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі, онда еліміздің барлық аумағында телемедициналық шешімдер жобаларын іске қосу көзделген.

Сондай-ақ жаңа тарифтерді қайта қарау және қалыптастыру тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және аудандық және ауданаралық деңгейде стационарлық жағдайларда мамандандырылған көмекті қаржыландыру бойынша ұсыныстар дайындау жөніндегі іс-шаралар көзделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылатынын атап өткен жөн.

«Отбасы» банк арқылы ауылдық жерлерде тұрғын үйлер салуға агробизнесі несиелеу бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) шеңберінде жыл сайын ауылдық елді мекендерде 22 мың жер учаскесі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен (бұдан әрі – ИКИ) қамтамасыз етіледі (қалаларда 25 мың). 2023 жылы ИКИ-ге 104,8 млрд теңге (оның ішінде азаматтарға жеке құрылыс салуға бөлінетін 40 мың жер учаскесіне ИКИ-ні жүргізуге 46 млрд теңге) көзделген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауыл тұрғындарының тұрғын үй мәселелерін шешу және ауылдан халықтың кетуін азайту үшін жұмыс берушілердің ауылда тұрғын үй салу жөніндегі шығындарын субсидиялау тетігін енгізу мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ИИДМ) ауылда жалға берілетін тұрғын үйлер салу бойынша жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту бойынша ИИДМ-ге құзырет беруді көздейтін тұрғын үй заңнамасына түзетулерді ағымдағы жылғы наурызда енгізді.

Сонымен бірге Тұжырымдамаға енгізілетін өзгерістер шеңберінде ауылдық жерлерде және шекара маңындағы аумақтарда сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу, жаппай тұрғын үй құрылысы аудандарында инженерлік коммуникациялар салуды қамтамасыз ету, сондай-ақ өз қызметкерлері үшін жалға берілетін үйлер салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау көзделеді.

Жалпы Сіздер көтерген мәселелер Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-155 от 11 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

На ваш депутатский запрос относительно финансирования проекта «Сельская школа powered by NIS», разработки программы по финансированию мобильного медицинского обслуживания сельских жителей, запуска программы кредитования агробизнеса на строительство домов в сельской местности сообщаем следующее.

Касательно финансирования проекта «Сельская школа powered by NIS» на системной основе

Министерством просвещения совместно с местными исполнительными органами с целью обеспечения доступности среднего образования независимо от места жительства реализуется ряд комплексных мер.

В настоящее время для обеспечения достаточного финансирования сельских школ осуществляется поэтапный переход их на подушевое финансирование с полным переходом в 2025 году.

В целях привлечения высококвалифицированных педагогов в сельскую местность реализуется Специальная программа¹ по привлечению лучших педагогов с соответствующим пакетом мер поддержки для регионов, имеющих дефицит учителей. Данная программа направлена на улучшение качества образования путем привлечения и удержания квалифицированных и мотивированных педагогов.

Также до 2025 года будет модернизировано 5 000 школ в малых городах, районных центрах и селах на 2021-2025 годы (ежегодно по 1000 школ по проведению капитального и текущего ремонтов, приобретению предметных кабинетов, обновлению школьной мебели, улучшению материально-технического оснащения и пополнение фонда школьных библиотек и др.).

¹ Постановление Правительства РК от 13 июня 2022 года № 390 «Правила привлечения лучших педагогов с соответствующим пакетом мер поддержки для регионов, дефицит учителей (Специальная программа)».

Кроме того, в рамках пилотного национального проекта «Комфортная школа» до 2026 года в сельской местности будет построено 183 школы по современным требованиям и единым стандартам.

С июля 2022 года Общественным фондом «Қазақстан халқына» совместно с АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» и ОФ «Фонд устойчивого развития образования» реализуется проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности».

Цель данного проекта – предоставление равных возможностей для сельских детей в получении качественного образования, повышение уровня профессиональных компетенций учителей.

Касательно разработки программы по финансированию мобильного медицинского обслуживания сельских жителей

Кодексом «О здоровье народа и системе здравоохранения» определено, что для обеспечения доступности первичной медико-санитарной и специализированной медицинской помощи на уровне сельского здравоохранения используются передвижные медицинские комплексы, медицинские поезда и средства оказания дистанционных медицинских услуг.

Учитывая, что 40% населения страны живет в сельской местности для обеспечения сельского населения качественной медицинской помощью Правительством принят Пилотный национальный проект «Модернизация сельского здравоохранения».

В рамках данного проекта в 2023-2025 годах будут построены 655 объектов первичной медико-санитарной помощи, модернизированы 32 многопрофильные районные больницы для оказания сельскому населению экстренной медицинской помощи (*при инфарктах, инсультах, травмах и других состояниях с соблюдением принципа «золотой час», а также предоставления специализированной и высокотехнологичной медицинской помощи без необходимости посещения крупных городов*).

Для расширения доступа к высококвалифицированной медицинской помощи населения Министерством здравоохранения разработан План мероприятий по развитию телемедицины на 2022-2025 годы, которым предусмотрен запуск проектов телемедицинских решений по всей территории страны.

Также следует отметить, что пересмотр и формирование новых тарифов осуществляются на основании плана работ по формированию тарифов на медицинские услуги, оказываемые в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования, в котором предусмотрено мероприятие по подготовке предложений по финансированию специализированной помощи в стационарных условиях на районном и межрайонном уровне.

Касательно запуска программ кредитования агробизнеса на строительство домов в сельской местности через «Отбасы» банк

В рамках Концепции развития жилищно-коммунальной инфраструктуры до 2026 года (далее – Концепция) ежегодно в сельских населенных пунктах 22 тыс. земельных участков обеспечиваются инженерно-коммуникационной инфраструктурой (далее – ИКИ) (*в городах 25 тыс.*). В 2023 году на ИКИ

предусмотрено 104,8 млрд тенге (*в т.ч. 46 млрд тенге на подведение ИКИ к 40 тыс. земельным участкам, выделяемых гражданам под индивидуальную застройку*).

Для решения жилищных вопросов сельских жителей и снижения оттока населения из сельской местности по поручению Главы государства с целью внедрения механизма субсидирования затрат работодателей по строительству жилищ на селе Министерством индустрии и инфраструктурного развития (далее – МИИР) в марте текущего года внесены поправки в жилищное законодательство, предусматривающие наделение МИИР компетенцией по разработке и утверждению Правил субсидирования затрат работодателей по строительству арендных жилищ в селе.

Вместе с тем, в рамках вносимых изменений в Концепции предусматриваются строительство арендного жилья без права выкупа в сельской местности и приграничных территориях, обеспечение строительства инженерных коммуникаций в районах массовой жилищной застройки, а также субсидирование затрат работодателей, построивших арендные дома для своих работников.

В целом, поднимаемые вами вопросы находятся на контроле Правительства.

А. Смаилов